

XFTAP 16.21.21

Гүлжан Досжан

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: gul2005@list.ru)

Кіріме сөз мәселелерін зерттеудегі интегративтік тәсілдер

Андатпа. Халықаралық байланыстардың негізінде тіларалық қатынастардың күшейетіндігін ескерсек, оның негізгі индикаторларының біріне, сөз жоқ, кіріме сөздер жатады. Кез келген тілдің сөздік қоры, бір жағынан, сол тілдің өз мүмкіндіктерін саралап пайдалану, іштен түлеу жолымен дамып, молайып отыратын болса, екінші жағынан, өзге тілдерден кіріме сөздерді қабылдау арқылы толығады. Кез келген тілдің лексикалық қорына, салалық терминологиялық қабатының қалыптасуына қатысты мәселелерді басқа ғылымдармен (этнология, психология, элеуметтану, мәдениеттану т.б.) байланыста зерттегенде ғана нәтиже бермек. Интеграциялық тәсіл бойынша зерттеуді қажет ететін тіл біліміндегі аса маңызды тақырыптар қатарына кіріме сөз мәселесі жатады. Мақалада кіріме лексемалардың теориялық және методологиялық негіздері лингвистикалық контактологияның интегративтік тәсілдерге (этнолингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоэкология) сәйкес кешенді түрде анықталды.

Түйін сөздер: лингвистикалық контактология, кіріме сөз, этнолингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоэкология.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-129-4-108-118>

Тіл білімінде дәстүрлі тарихи-салыстырмалы (XIX-XX ғғ.) және жүйелілік-құрылымдық (XX ғ.) парадигмалардың XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында антропоцентристік бағытқа ауысуы тілдік мәселелерді, соның ішінде кіріме сөз ұғымының аспектілерін пәнаралық әдіс-тәсілдер негізінде қарастыруға мүмкіндік беріп отыр.

«Тіл – мәдениет – тілдік тұлға» үштігін зерттеуге бағытталған лингвистиканың антропологиялық парадигмасы жүйелілік-семиологиялық тәсілді ауыстырып қана қойған жоқ, сонымен қатар, тіл біліміндегі өзінің келешегі зор бағыт екендігін дәлелдеп отыр [1]. Осы ретте аталған бағыттың лингвистикадағы рөлі жөнінде белгілі филолог Г.С. Сағидолла: «Лингвистикалық зерттеудің антропоцентристік парадигмасы тілді сол қызмет ететін қоғаммен, элеуметтік ортамен, тіл иесі – халықтың сан ғасырлық тарихымен, таным әлемімен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан өмірлік тәжірибесімен, рухани болмыс-бітімімен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен байланыстыра қарастыруды дйттейтін тіл біліміндегі ауқымы кең зерттеулерге жол ашып, нақты ғылыми жетістіктерге қол жеткізді. Соның нәтижесінде тіл мен мәдениет, тіл мен халық, тіл мен таным арасындағы тығыз байланыс, өзара сабақтастық проблемасын жан-жақты зерттеуді мақсат ететін интеграциялық жаңа үрдістегі этнолингвистика, лингвомәдениеттану, этнопсихоллингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты ғылыми бағыттар қалыптасып, XX ғ. соңғы ширегінде жедел қарқынмен дами бастады. Олардың әрқайсысының зерттеу нысанын нақтылауда, я болмаса ғылыми теориялық және методологиялық негіздемесін жасауда тіл бірліктері басқа ракурста, яғни адам санасымен, ойлау әрекетімен, бүкіл адами болмыспен біртұтастықта қарастырылып отыр» [2, 18 б.] - дейді.

Жаһандану және ақпараттандыру процестерінің қарқын алуына орай кіріме сөздер бір тілден екінші тілге шапшаң еніп, бірнеше тілдің лексикалық қорын дамытуға, заттар мен ұғымдардың атауын концептуалдық тұрғыдан қабылдауға, сөйлеушінің тілдік дүниетанымын қалыптастырып, элеуметтік мәртебесін айқындауға, әрбір халыққа тән этникалық менталитет пен психологиялық ерекшеліктерді келесі халықтың сөйлеу дағдысына

енгізуге, туысқан тілдер арасындағы терминологиялық қорды қалыптастыруға негіз болып отырған құбылыстардың қатарына жатады. Кірме сөздердің бір тілден екінші тілге енуіне тек лингвистикалық қана емес, сонымен қатар экстралингвистикалық факторлардың әсер ететіндігін ескерсек, онда кірме лексемаларды таза лингвистикалық әдіс-тәсілдер негізінде қарастырудың толық нәтиже бермейтіндігі анық.

Біздің бұл ойымызды филолог Серіккүл Сәтенованың «Қазақ тілінің сөздік қорындағы кірме қабат мәселесі бірқатар ғылыми еңбектерде қарастырылғаны мәлім, сондай-ақ шетел тілдеріндегі түркілік элементтер, олардың негізгі тілдің әсерімен аз-кем өзгеріске ұшырауы тәрізді мәселелерді арнайы зерттеу кейінгі кездері қолға алына бастады. Бірақ осы бағыттағы зерттеу жұмыстары мақсатты түрде жалғастырылуы тиіс. Себебі кірме тілдік бірліктердің қай кезеңдерде енгені, себептері, құрылымындағы өзгерістер т.б. тәрізді нақты шешімін таппаған сұрақтар тіл білімі, тарих, этнография, археология, мәдени антропология тәрізді ғылыми салалар деректерін ұштастыра отырып зерттеуді қажет етеді», [3, 311 б.] - деген пікірі дәлелдей түседі.

Осы ретте кірме сөз мәселесін зерттеуде этнолингвистика, социоллингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану және лингвоэкология секілді интегративтік тәсілдердің теориялық мән-маңызын анықтап алғанымыз жөн.

1. Дербес ғылыми бағыт ретінде этнолингвистика ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында АҚШ-та «мәдени антропологияның» шеңберінде қалыптасты. Осыған орай америкалық дәстүрге бағдарланған зерттеулерде «этнолингвистика» терминінің орнына негізінен когнитивтік бағыттағы мәселелерді қарастырса – «антропологиялық лингвистика», ал коммуникативтік аспектілерді зерделесе – «лингвистикалық антропология» терминдері қолданылады. Аталған жағдайға сәйкес Батыс зерттеушілері тілдің этникалық аспектілерін қарастырған уақытта оны екі ракурста, яғни «когнитивті этнолингвистика» және «коммуникативті этнолингвистика» бойынша саралайды. Негізінен, этнолингвистикалық зерттеулер өзара байланысты үш саланы қамтиды:

1. Материалдық және рухани мәдениет тұрғысындағы халық ауыз әдебиеті шығармаларын мазмұн және пішін жағынан талдау;
2. Біртұтас семиотикалық тәсіл шеңберінде мәдени-тілдік ареалдарды кешенді зерделеу;
3. Тілдік дүниетанымды сипаттау. Осы орайда филолог Н.Ғ. Шаймердинова «әлем бейнесі» ұғымына: «Әлем бейнесі дегеніміз адамдар санасында олардың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды кодтауының нәтижесінде туындайтын әлем туралы образдық түсінігі» деген анықтама береді [4, 36 б.].

Этнолингвистиканың негізін қалаушы америкалық антрополог Франц Боас пен оның шәкірті Эдвард Сепир Солтүстік америкалық үндістер тілдеріне арналған көпжылдық зерттеулерінде алғаш рет «лингвистикалық қатыстылық» ұғымын қолданғанымен, бұл құбылысты Э.Сепирдің шәкірті Бенджамин Уорф кең ауқымда қарастырды.

Лингвистикалық қатыстылық принципіне сәйкес, сөйлеушінің «әлем бейнесі» (сөйлеушінің қоршаған ортаны қабылдауы) ол бақылап тұрған әлемге емес, оның тілінің грамматикалық және лексикалық табиғатымен тікелей байланысты [5, 281 б.].

Лингвистикалық материалды этнологиялық тұрғыдан қарастыру арқылы тілдегі этникалық ерекшеліктердің қалыптасу себептерін сөйлеушімен және олардың субэтнос және тұтастай этносқа айналу кезеңдерімен бірге қарастыруды көздейді. Әсіресе, тілге енген және еніп жатқан кірме сөздерді қабылдауда, оларды игеру мен қолдануда сөйлеушінің этникалық ерекшеліктері мен шетел сөзінің этникалық мазмұны арасында «өзара текетірес» орын алуы мүмкін. Себебі, әр халықтың әлемді қабылдауы әр түрлі және ол көптеген факторларға, атап айтқанда, белгілі бір халықтың географиялық, тарихи, мәдени, этникалық, саяси-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық т.б. даму ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Этнолингвистикалық талдау негізінде кірме сөздердің лексикалық семантикасының мәдени коннотацияларын анықтауға болады. Әсіресе, халықтардың арасындағы мәдени контактілер нәтижесінде енген кірме сөздердің ұлттық санаға әсерін талдауда этнологиялық әдіс-тәсілдердің орны ерекше.

Этнолингвистиканың когнитивтік сипаттағы зерттеулерінен «релятивистік» және «эмбебаптық» бағыттарды көруге болады. Бұлардың біріншісі – сөйлеушінің дүниетанымындағы мәдени және тілдік ерекшеліктерді зерделеуде қолданылса, екіншісі – табиғи тілдердің лексикалық және грамматикалық эмбебаптық қасиеттерін іздеуде таптырмайтын тәсіл болып саналады. Ал этнолингвистиканың коммуникативтік сипаттағы зерттеулерінде деректерді жинаудың этнологиялық және кеңістіктік әдістері қолданылса, ал алынған мәліметтерді өңдеуде статистикалық әдістерге басымдық беріледі.

Қазіргі контактология саласындағы этнолингвистикалық зерттеулерге шолу жасау барысында кірме сөздердің реципиент тілдегі халықтың тілдік дүниетанымына ықпал ететіндігі анықталды. Егер де бұл процесс үздіксіз жалғаса берсе, шетел сөздерінің қарқынды енуі салдарынан тілдегі этникалық бояуы басым сөздердің архаизмге айналып, нәтижесінде тілдің төл болмысынан гөрі оның халықаралық (интернационалды) сипаты артып кету қаупін жоққа шығаруға болмайды.

Қазіргі таңда үндіеуропалық тілдердің деривациялық жүйелеріндегі біз атап өткен бір-біріне қарама-қайшы екі үрдістің, яғни тілді ұлттандыру (автохтонизация) мен халықаралық сипатын арттыру (интернационализация) үрдістерін зерттеуге көп көңіл бөлінуде. Өкініштісі, мұндай іргелі зерттеулер түркі тілдеріне әлі күнге дейін жүргізілген жоқ.

Қорыта айтқанда, тілдердің өзара әрекеттесуін зерттеудің этнолингвистикалық тәсілі изоглостың таралуы жөнінде қосымша мәлімет алуға, тілге шетел сөздерінің кірігуіндегі этносаралық және ареалдық үрдістердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салғастыра талдауға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

2. Кірме сөз мәселесін зерттеуде адам факторын тіл иесі ретінде барынша есепке алуды көздейтін психоллингвистикалық тәсіл лингвистикадағы жаңа парадигмалардың біріне жатады. Когнитивтік процестердің ерекшеліктерін психоллингвистикалық тәсілмен қарастыруда зерттеушілер «адам сан алуан тәжірибесі арқылы өзін қоршаған әлемді қалай таниды және түрлі (оның ішінде сөйлеушілік) іс-әрекет процестеріндегі ой қорыту мақсатында дербес қалай әлем бейнесін құрастырады?» деген сұраққа жауап іздей бастады.

Америкалық лингвист Э.Хауген кірігу мәселесін лингвистикалық тәсіл бойынша зерттеуде психологияның теориялық және методологиялық әдіс-тәсілдеріне сүйену қажеттігін түсінді. Бұған себеп, екі тілді қатар менгерген жекелеген тілдік тұлғалар тілдік контактілердің тікелей қатысушылары болып табылатындығы. Осы орайда У.Вайнрайх тілдік жүйелердің өзара әрекетке тек олардың төл сөйлеушілері арқылы түсетіндігін ескеру қажет дей келе: «Кез-келген лингвистикалық зерттеуде қаншалықты ұзақ болса да сөйлеушінің кейбір соңғы мәтінін, оның миында бар мәтінге негіз болған жүйені және оған осы мәтінді ғана емес, оның тілдік ұжымының басқа мүшелері тілдік нормаға сәйкес деп қабылдайтын басқа да шексіз ой-пікірлерді ойлап шығаруға мүмкіндік беретін өнімді ажырата білу керек» – дейді [6, 25 б]. Осы айтылғанды басқаша айтсақ, тілдік өзара әрекеттестік барысындағы тілдік құбылыстар мен олардың нақты сөздерін талдау үшін психоллингвистикалық тәсілге жүгінген абзал.

У.Вайнрайх пен Э.Хауген тілдік норма деп қостілді сөйлеушінің алдында таңдау мәселесі ретінде тұрған тиісті контекстердегі көптеген нормаларға бағыну проблемасын атап көрсетеді.

Осылайша, ХХ ғасырдың екінші жартысында лингвистер психологиялық аспектіні назарға ала отырып, тілдік жүйелердің өзара әрекеттестігі мен кірме сөз мәселелерін шешуге тырысты. Алайда, лингвистикада психологиялық бағыттың толық зерттелмеуі салдарынан

зерттеушілер лингвистикалық бақылаумен шектелді. Атап айтқанда, негізгі мәні бір тілдік жүйенің нормаларын келесі тілдік жүйенің нормаларына қолданумен сипатталатын тілдің түрлі деңгейлеріндегі интерференциялардың көрінісін есепке алды. Э.Хауген: «Барлық психологиялық құбылыстарымен байланысты жағдаяттарды қарастыруға мүмкіндік болмағандықтан, біз тек таза лингвистикалық көзқарасқа сүйеніп, кез-келген кірігуді қосылатын ауыспалы элемент және тіркеме элемент деп қарастырамыз» - дейді [6, 345 б.]. Бұл бағытта ресейлік лингвистер бірқатар зерттеулер жүргізді. Солардың қатарында М.М. Бахтин: «Дербес санада тіл «өздік» пен «бөтеннің» тоғысында орныққан. Сөйлеуші сөзді өзінің акцентімен айтып, оны өзінің ойлаушылық және экспрессивтік мазмұнымен толықтырғанда ғана шетел сөзі «өздікке» айналады» - дейді [7, 125 б.].

Мағынаның психолингвистикалық тұжырымдамасы кірме сөзді кең ауқымда қарастыруға мүмкіндік береді. «Өздік – бөтен» дихотомиясы психолингвистикалық түсінік бойынша кірме сөз деп – болмыстың қандай да бір фрагменті туралы жаңа біліммен байланысты, дегенмен сөздікте ғана емес, тіл иелерінің санасында (түйсігінде) тіркелген мағынасы бар сөзді айтуға болады. Сөздің басқа тілден енген, не енбегендігін анықтау барысында «өздік» пен «бөтен» өлшеміне жауап беретін, кірігудің барлық нақты жағдайларын біріктіретін кірме сөздің критерийін табу қиын.

Қазіргі таңда зерттеушілер тілдік санадағы төл сөздер мен кірме сөздердің мазмұндық сипатын, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, жекелеген этнос өкілі қандай да бір сөзге қарай отырып алатын ақпараттың түпкі мәнін анықтауда – этнопсихолингвистика, ал индивидтің қай әлеуметтік топқа жататындығын анықтау арқылы оның кірме сөзді түсіну мен қабылдауда қандай стереотиптер мен стратегияларға жүгінетінін және оның сөйлеу процесіне қандай әлеуметтік факторлардың әсер ететінін айқындауда – социопсихолингвистика секілді лингвистиканың жаңа интегративтік салаларының әдіс-тәсілдеріне жүгінетін болды.

Кірме сөздердің семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін психолингвистикалық тұрғыда талдау барысында бірқатар әдіс-тәсілдер қолданылады. Оларға психосемантикалық талдау, психопрагматикалық сараптау, лингвистикалық эксперимент, ассоциативті эксперимент, интроспекция т.б. жатады.

3. Социолингвистиканың жеке пән ретінде қалыптасуына психолингвистиканың негіз болғанын ескерсек, тілдің әлеуметтік және психологиялық аспектілерінің өзара тығыз байланысты екендігін айта кеткен жөн. Бұған осы екі пәнаралық ғылымның қарастыратын категорияларының көбінесе ортақ болып келетіндігі дәлел.

Негізінде америкалық әлеуметтік лингвистика өкілдері ұғымдардың қалыптасуы мен қабылдануы, интерференция және тілдік патология секілді категорияларды психолингвистикадан қабылдаған болатын. Америкалық Ф.Г. Лаунсбери тіл психологиясының шекарасын айқындай отырып, маркстік-лениндік лингвистика мен социолингвистика мойындамаған Э.Сэпир мен Б.Уорф негізін қалаған «Тілдік қатыстылық гипотезасының» («linguistic relativity hypothesis») жақтаушысы болды [8, 102 б.]. Әлеуметтік лингвистикадағы көптеген ұғымдар мен терминдердің өз бастауын тіл психологиясынан алғандығына Ч.Фергюсонның «жоғарғы және төменгі тіл» («high and low language») және У.Вайнрайхтың интерференция және семантикалық кірме сөз бағытындағы тұжырымдары дәлел бола алады.

Зерттеу бағыттарына сәйкес социолингвистика теориялық және қолданбалы деп бөлінеді. Осы ретте бір социумдағы бірнеше тілдің өзара әрекеттесуі мен өзара әсерін, контактіге түсетін тілдердегі элементтердің кірігуі мен интерференция құбылысын, интердиалекттер, койне, пиджин, т.б. аралық тілдік құрылымдардың қалыптасуы секілді құбылыстар әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысанына жатады.

Қазіргі таңда осы аталған категориялармен лингвистикалық контактология шұғылданады. Демек, лингвистикалық контактологияның ғылым ретінде қалыптасуына, негізінен, әлеуметтік лингвистика ықпал етті десек қателеспейміз.

Тілдің семантикалық және прагматикалық аспектілерін әлеуметтік лингвистика тұрғысынан зерттеуде француз әлеуметтік лингвистика мектебінің өкілдері зор үлес қосты. Солардың ішінде кірме сөз мәселесін зерттеген ғалымдар қатарында Антуан Мейе мен Жозеф Вандриесті ерекше атап айтуға болады.

XX ғасырдың басында-ақ А. Мейе тілді тек оның әлеуметтік табиғаты арқылы түсінуге болатынын айтып, сөз мағынасының өзгеріске ұшырауына контекстегі ішкі өзгерістер мен психологиялық процестер емес, негізінен, әлеуметтік факторлардың себеп болатындығын айтқан. Сонымен қатар, А. Мейе тілдің әлеуметтік бөлшектелуі туралы тұжырымды алға тарта отырып, әрбір әлеуметтік топқа тән зияткерлік қабілеттерді сипаттайды. Ал сөздердің семантикалық өзгерістерін олардың неғұрлым кең әлеуметтік топтан тар әлеуметтік топқа немесе керісінше ауысуымен түсіндіреді. Ол тілден тілге немесе диалектіден диалектіге енетін кірме сөздерді тілдік дамуға негіз болатын факторлардың қатарына жатқызады [9, 118 б.].

А.Мейенің идеяларының негізінде Ж.Вандриес тілді физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік және тарихи негіздерден тұратын күрделі акт деп қарастырды. Осы ретте ол тілді оның қазіргі жағдайы тұрғысынан зерттеуге шақыра отырып, тіл дамытудың эмоционалдық теориясын дамытуға үлес қосты.

Ж.Вандриес тілдердің бәсекелестік жағдайында жеңіс анағұрлым танымал тілге тиесілі болатындығын және тілге шетел элементтері қандай көлемде кіргеніне қарамастан тілді сақтаудың маңыздылығын алға тартты [10, 45 б.].

Бүгінде кірме сөздің семантикалық және прагматикалық функциясын зерттеуде социолингвистиканың сауалнама алу, сұхбат алу, лингвистикалық эксперимент, статистикалық эксперимент, қоғамдық орындардағы тиісті индивидтердің сөйлеуін анонимді бақылау секілді әдістері қолданылса, ал алынған деректерді өңдеуде зерттеушілер корреляциялық талдау, импликациялық шкалалау мен семантикалық өрістерді салғастырмалы талдауға жүгінеді.

Кірме сөздердің семантика-прагматикалық ерекшеліктерін зерттеуде соңғы кездері коммуникация теориясының шеңберіндегі семиосоциопсихология деп аталатын ғылыми бағыттың нәтиже бере бастағандығын да атап өткен жөн.

Кірме сөз мәселесі әрдайым лингвистердің назарында болғанымен, кірме сөздің әлеуметтік лингвистикалық табиғаты, шетел сөздері мен мағыналарының қабылдаушы тілге кірігуі, өзара әрекеттесуші – донор-тіл мен реципиент тілдегі сөздердің өзара ауысуының әлеуметтік аспектілері көптеген тілдерде, соның ішінде, түркі тілдері бойынша әлі де толық зерттелмегендігін баса айтқымыз келеді.

4. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы лингвистиканың ең басты жетістігі деп халық мәдениетінің дамуы мен оның тілі арасындағы өзара байланыстың ғылыми дәлелденуін айтуға болады.

Белгілі орыс лингвисті Н.И. Толстой: «Мәдениет пен тіл арасындағы қатынасты бүгін мен оның бөлшегі арасындағы қатынас ретінде қарастыруға болады. Әсіресе әңгіме әдеби тіл немесе фольклор тілі туралы болғанда тіл мәдениеттің құрамдас бөлшегі немесе мәдениеттің қаруы (екеуі бір ұғым емес) ретінде қабылданады. Дей тұрғанмен, тіл тұтас алғанда мәдениетпен ара-қатынасында автономды болып табылады және оны мәдениеттен бөлек (үнемі осылай болып келеді) немесе кең мағыналы және тең дәрежелі феномен ретінде мәдениетпен салыстыра қарастыруға болады» - дейді [11, 22 б.].

Тілдік құбылыстарды лингвомәдениеттанулық талдаудың интеграциялық сипаты әр түрлі талдау әдістерін (жалпы философиялық және мәдениеттану, этнология, антропология, психолингвистика, т.б.) қолдануды көздейді, алайда бұл жағдай дәл осы тәсілдің өзіндік зерттеу әдістері жоқ дегенді білдірмейді.

Лингвомәдениеттану адамдардың ауызша және жазбаша мәтіндердегі жетістіктерін мәдениет тұрғысынан сипатталатын коммуникацияның пішіні ретінде қарастырылады. Осы ретте ұзақтығы мен күрделілігі әр түрлі мәтіндерге біріктірілген таңбалар мен сим-

волдардың жиынтығы, ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің ара-қатынасы, концептосфера, мәтін мазмұнындағы ұлттық, гендерлік, жас ерекшеліктік және кәсіби сипатты білдіретін семантикалық өріс пен семантикалық иерархия, тілдік сана, әлем бейнесі, сөйлеу әрекетінің стереотиптері т.б. бірқатар мәселелерді зерттейтін бұл ғылымның зерттеу пәніне шетелдік кірме лексемалардың ұлттық дүниетанымға әсер ету проблемасын да жатқызуға болады.

Шетел сөздерінің келесі бір тілге енуі барысында ол кірігуші тілге жаңа сөз, не ұғым атауын ғана емес, сонымен қатар түпнұсқа тілге тән дүниетанымдық ақпарат алып келеді. Мұндай ұлттық дүниетанымдық құбылысты лингвокогнитологиялық зерттеулерде «әлем бейнесі» немесе «әлемнің тілдік бейнесі» - деп аталады.

«Әлем бейнесі» терминін алғаш рет Л.Витгенштейн философия мен логика аспектісінде ұсынды. Бұл ұғымды антропологияға, семиотикаға, кейінірек лингвистикаға неміс ғалымы Л.Вайсгербер енгізді.

Қазіргі таңда кез-келген тілдегі кірме сөз мәселесін мәдениет құбылысынсыз қарастыру мүмкін емес. Себебі, кірме сөздің бір тілден екінші бір тілге енуінің өзі тілдік қана емес, сонымен қатар, мәдени феномен болып табылады. Бұған қоса, әрбір шетел сөзінің астарында сол тілдің мәдениеті мен төл этнопсихологиясынан (этникалық мәдениет, этноменталитет) хабар беретін семантикалық және прагматикалық қасиет болатынын ескерсек, онда кірме сөз құбылысын лингвомәдениет тұрғысынан қарастырудың маңыздылығына көз жеткізе түсеміз.

Белгілі орыс лингвисті В.И. Карасик соңғы жылдары кірме сөз мәселесіне арналған зерттеулерге жүргізілген талдау лингвистердің зерттеу шеңберін кеңейтуге деген ұдайы ұмтылысы байқалатындығын, осы ретте кірме сөз лингвомәдениеттану мен лингвокогнитологияда «концептілердің импорты» ретінде қарастырылатынын айтады [12, 63 б].

Қазақстандық лингвист Н.Ж. Шаймерденова: «Мәтіндерді мәдениет феномені ретінде зерделеу ежелгі және қазіргі тілдік контактілер, кірме сөздердің семантикасындағы өзара әрекеттестік пен өзгерістер, тікелей және жанама кірігу нәтижесінде түркі кірме сөздері мағынасының тарылуы мен кеңеюі туралы дерек беретін жаңа материалдарды енгізуге негіз болды. Тілдік контактілердің нәтижесінде пайда болған лексемалардың семантикасын зерттеуде іскерлік құжаттар, сондай-ақ мұрағатта сақтаулы тұрған қолжазбалардың орны ерекше», [13, 14 б.] - деген ой айтады.

Расында да, кірме сөздерді зерттеудегі маңызды тәсілдердің бірі – «сөздердің кірігуі барысында донор-тіл мен реципиент-тілдің тілдік және концептуалдық әлем бейнесі қиылысады» деген гипотеза.

Аталған болжамға сәйкес кірігу барысында тек жай сөз ғана кірігеді ме, әлде концептілер импортталады ма, міне, осы мәселені анықтау қазіргі зерттеушілердің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі.

5. Тілдік құбылыстарды зерттеуде соңғы кездері кеңінен қолданыла бастаған лингвистиканың интегративтік бағыттарының біріне эколлингвистика жатады. Лингвистикадағы әлеуметтік, психологиялық және философиялық бағыттардың ұштасуымен пайда болған тіл білімінің бұл саласы лингвоэкология деп те аталады.

Алғаш рет 1970 жылы америкалық лингвист Эйнар Хауген өзінің зерттеуінде «тіл экологиясы» ұғымын қолданды. Осы ретте ол өзі енгізген ұғым жөнінде: «Тіл экологиясы дегеніміз – тілдің қоршаған ортасымен өзара қатынасы туралы ғылым, тілді қоршаған орта деп тілді өзінің кодтарының бірі ретінде қолданатын қоғамды айтуға болады. Тіл өзін пайдаланатын сөйлеушінің санасында ғана өмір сүреді және басқа сөйлеушілермен және олардың әлеуметтік және табиғи қоршаған ортасымен өзара қатынаста ғана қолданылады. Тіл экологиясы жартылай физиологиялық (яғни сөйлеушінің санасында басқа тілдермен өзара әрекеттестікте) және жартылай әлеуметтік (яғни тілді коммуникация құралы ретінде қолданатын қоғаммен өзара байланыста) сипатқа ие. Тіл экологиясы оны үйренетін, қолданатын

және өзге адамдарға тарататын адамдарға тәуелді» – деген анықтама берді [14, 100 p]. Тілдік тұлға мен оның қоршаған ортасы секілді өзара әрекеттестік лингвоэкологияның зерттеу пәніне жатады.

Қазіргі лингвистикалық дәстүрге сәйкес лингвоэкология 3 аспектіде қарастырылуда:

- интралингвалді (сөйлеу мәдениетімен, стилистикамен және риторикамен байланысты және сөйлеудің дұрыстығының, анықтығының, қисындылығының, мәнерлілігі мен басқа да коммуникативтік қасиеттерінің бұзылуын зерттеуді біріктіреді);

- интерлингвалді (жекелеген этникалық тілдің өмір сүру ортасы көптілділікпен және тілдердің жойылу мәселесімен байланысты);

- транслингвалді (бір мәдениетке, бір тілге тиесілі тіл бірліктерін, құралдары мен реалийлерін өзге мәдениетке тиесілі өзге тілдің құралдары арқылы қолдануы).

Кірме сөздердің лингвоэкологиялық тұрғыда зерттеу жоғарыдағы үш аспектінің транслингвалді бағытына негізделеді.

Қазір әлем елдері тіл тазалығына, сөйлеу мәдениетіне мән беріп жатыр. «Тілдің шырқын шет тілінен енген сөздер бұзады» деген ұстанымға мойынұсынушылық басым. Осы ретте бұл құбылысты «тілдік басқыншылық» деген ұғым білдіреді. Дәл осы құбылыс жөнінде қазақстандық зерттеуші Қ.С. Дүсіпбаева: «Лингвоэкологияда тіл басқыншылығы деген ұғым бар. Бөгде тіл басқыншылығы ана тіліміздің тілдік ортасын тарылта бастайды. Тіл өз «үйінде», өз «мекенінде» зардап шегеді. Бөгде тіл алдымен басқару, ақпарат, ғылым-білім саласында үстемдік етіп салтанат құрады. Мұның өзі ұлттық тілдің интеллектуалдық, танымдық, ақпараттық әлеуетін әлсірете бастайды. Жаһандық қостілділік мәселесін жас ғылым лингвоэкология шешу керек. Бұл ғылымның басты міндеті – тілдердің нормаларын және сөйлеудің ұлттық нақышын сақтау. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, лингвоэкология мәні – ол жер бетіндегі алуан түрлілікті, соның ішінде тілдің әртүрлілігін сақтап қалуға ерекше көңіл аудару. Қазіргі таңда оның басты мақсаты – ұлттық тілдің жекелігін сақтап қалу. Барлық байланысты жоққа шығаратын пуризмге қарағанда, лингвоэкология байырғы және кірме лексика арасындағы кейбір ұқсастықтарды жоққа шығармай, қолдайды», - дейді [15, 165-166 б.].

Шыны керек, қазіргі таңда әлемдік тілдердің, әсіресе, ағылшын тілінің қарқынды дамуы көптеген халықтардың тілдік ортасын тарылтуда. Тіпті, әлемде өз ана тілін жөнді білмейтін, есесіне ағылшынша жетік білетін адамдар саны артып келеді. Бұл үрдіс соңғы кездері Қазақстан қоғамында да байқала бастады. Мәселен, мектепке дейінгі немесе орта білімді орыс және ағылшын тілдерінде алған жастардың кейбірі қазақ тілінде сөйлей алмайды. Осы ретте олардың лексикалық қорында төл сөздерге қарағанда кірме сөздер көптеп кездеседі. Сәйкесінше, мұндай адамдар өзінің ұлттық тілдік-коммуникативтік кеңістігінде шетелдік адамның күйін кешіп, бойына өзінің ұлттық мәдениетіне қарағанда өзі жетік білетін тілдің мәдениетін сіңіріп, осылайша қазақ тілдік ортасына шетел сөздерін күнделікті тасымалдаушы рөлін атқара бастайды.

Тіл білмейтін адамдардың қатары артқан сайын қазақ тілінің қолданыс аясы тарылып, ұлттық тілдік ортаның дағдарысы арта береді. Себебі, қазақ тілін білмейтін қандастарымыз қазақ тілін білетін отандастарымызбен коммуникацияда өзге тілді қолданып, әңгімелесушінің қазақ тілін қолдануына кедергі жасайды.

Бір өкініштісі, соңғы жылдары қазақ тіліне ағылшын тілінен енген кірме сөздер мен терминдер тілімізде мағынасы олқы, мәні түсініксіз, мазмұны өзгерген түрде қолданылып жүр. Кейбір терминдердің баламасы тіпті сын көтермейді. Жалпы, шетел сөздерінің енуі – объективті процесс, оған ешкім қарсы тұра алмайды. Алайда, шетел сөздерін қазақ тілінің ішкі заңдылығына бейімдеп, оларға ұлттық реңк беріп, кіріктірудің еш айыбы жоқ. Мәселен, біздің аға ұрпақ орыс тілінен енген «ботинка» сөзін – «бәтеңке», «бутылканы» - «бөтелке», «корзинканы» - «кәрзеңке», «тарелканы» - «тәрелке», «поезд» сөзін – «пойыз»,

«кроватьты» - «керуерт», «конфетті» - «кэмпит», «резинканы» - «резеңке» деп, қазақ тілінің қалыбына салып айта келе, олар қазақшаланып кетті емес пе? Дәл осылайша ағылшын сөздерін де қазақы дыбыстық жүйемізге салып, игеруімізге әбден болады.

Айталық, жас буын өкілдері ағылшынның «respect» – «құрмет», француздың «situation» - «жағдай», ағылшынның «club» – «клуб», «night club» – «түнгі клуб», «hall» – «зал» т.б. сөздерінің қазақша баламасы болса да, оларды шетелдік нұсқасымен айту сәнге айналып барады. Ағылшын сөздерінің айтылуына қарсы емеспіз, тек оларды әркім өз бетінше, қалай болса, солай қолданып, көбінесе орысша дыбыстап, ана тіліміздің табиғатына нұқсан келтіретіні ойға қалдырады.

Тұлғалық-психологиялық фактордан туындаған мұндай кері құбылыстар қазақ тіліне өзге тілден сөздердің ассимиляцияланбай енуіне негіз болып, ұлттық тілдің ішкі лексикалық жүйесіне кері әсер ете бермек. Сондықтан да, мемлекет тіліміздің экологиясын сақтап қалу мақсатында әлеуметтік-тілдік кеңістігімізде тереңдеп бара жатқан тілдік орта дағдарысын еңсеру үшін қазақ тілін барынша кең қолдануға, оған деген қажеттілік факторларын арттыруға, төл тілдің әлеуметтік мәртебесін арттыруға күш салуы керек. Қазақ тілін білім беру саласынан, яғни бала-бақшадан бастап, мемлекеттік басқару саласына дейінгі қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолдануды көздейтін мұндай кең көлемді лингвоэкологиялық шаралардың нәтижесінде ұлтымыздың ішкі тілдік ортасы қалыптасып, қазақ тілінің лексикалық және терминологиясында кездесетін кереғар мәселелер өздігінен шешілері анық.

Осы бөлім шеңберінде талқыланған мәселелерді қорытар болсақ, кірігу процесін этнолингвистика, психолінгвистика, социолінгвистика, лингвомәдениеттану және лингвоэкология тұрғысынан зерттеудің маңызы зор деп есептейміз:

1. Этнолингвистикалық фактор. Коммуникация жасау барысында белгілі-бір ойды жеткізудегі төл сөздердің семантикалық мағынасының өте ауыр, ыңғайсыз естілуі немесе жағымсыз әсер етуін болдырмау мақсатында лексикондағы дәл сол ойдың коннотациясын неғұрлым дұрыс әрі жеңіл жеткізуге көмектесетін шетел лексемаларын қолданудың тиімділігі зор. Осылайша, коммуникацияны сәтті жүргізуге болады. Дегенмен, төл сөзді шетел лексемасымен ауыстыруға қажеттілік коммуниканттардың этноменталитетімен тікелей байланысты болып келеді;

2. Социолінгвистикалық фактор. Коммуникация жасау барысында адресаттың (адресаттардың) ұлтына немесе тілді білу-білмеу деңгейін ескере отырып, шетел сөздерін қолдану жағдайын әлеуметтік лингвистика тұрғысынан зерттеу қажет. Ана тілді жетік білмейтін өз ұлтының немесе өзге ұлттың өкіліне айтар ойынды неғұрлым түсінікті жеткізуде кей жағдайда халықаралық кірме терминдердің тигізер пайдасы зор. Сонымен қатар, кейбір адресанттардың шетел сөзін қолдану арқылы адресатқа (адресаттарға) өзінің әлеуметтік мәртебесін (жас ерекшелігін, тілдік құзыретін, білім деңгейін, кәсіптік және аймақтық ерекшелігін, заманауи болмысын т.б.) көрсететін кездері де болады;

3. Психолінгвистикалық (нейролингвистикалық) фактор. Ауызша коммуникацияда төл тілдегі кейбір сөздердің шұбалаңқылығы мен дыбыстауға ауырлығына байланысты сол ойды білдіруде шетелдік лексеманы қолдану. Айтуға жеңіл келетін шетел лексемаларын қолдану тілінде дефектісі бар адамдардың коммуникациядағы психологиялық жайсыздығын жеңуге көмектеседі;

4. Лингвомәдениеттанулық фактор. Әр түрлі халықтардың арасындағы өзара байланыс нәтижесінде осы мәдениеттердің ақпараттық өрісін трансляциялайтын лингвомәдени кеңістік қалыптасады. Ал осы ретте кірме лексемалар бір лингвомәдени қауымдастықтан екіншісіне және ол арқылы үшінші бір лингвомәдени қауымдастыққа этномәдени құндылықтарды тасымалдаушы рөлін атқарады;

5. Лингвоэкологиялық фактор. Тіл мәдениетін жетілдіру, төл тілде сөйлеу мәдениетін арттыру және тілдің ұлттық табиғи қалпын сақтап қалу мақсатында шеттілдік лексикалық бірліктерді жиі қолданудан саналы түрде бас тарту жағдаяттары кездеседі. Бұған Түркияда М.Ататүріктің кезінде Түрік тіл қоғамы тарапынан жүргізілген тілдегі араб-парсы кірме сөздерін түрік немесе түркі сөздерімен ауыстыру реформасы мен қазіргі таңда бірқатар тілдерде орын алып жатқан ұлттық терминжасам процесі дәлел бола алады.

Осы тарауда айтылған ой-тұжырымдарды қорыта келе, «тілдік контактілер» терминіне – «әр түрлі тілде сөйлейтін халықтар арасындағы мәдени-гуманитарлық, саяси-экономикалық, әлеуметтік т.б. қарым-қатынастар нәтижесінде осы халықтар тілдерінің бір-бірімен өзара байланысқа түсуі»; «кірігу» ұғымына – «тілдік контакт нәтижесінде, сондай-ақ ғылыми-техникалық жаңалықтардың әлемге таралуы, ақпараттық коммуникацияның дамуына сәйкес халықтардың өзара қарым-қатынасынсыз-ақ бір тіл элементтерінің екінші тілге тікелей немесе аралық тіл арқылы ену процесі»; ал «кірме сөздер» терминіне – «бір тілден екінші тілге еніп, толық немесе жартылай ассимиляцияланған лексикалық бірліктер» деген анықтама ұсынамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Досжан Г.А. Ағылшын бизнес лексемаларының түркі тілдеріндегі семантикасы мен прагматикасы (қазақ және түрік тілдері бойынша): (PhD) -докторлық диссертация. / Г.А. Досжан – Астана, 2013. – 182 б.
- 2 Сағидолла Г.С. Түркі-моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология. / Г.С. Сағидолла – Астана: Сарыарқа, 2011. – 304 б.
- 3 Сәтенова С.К. Түркітанымдық ізденістердің жаңа бағыттары // Жалпы тіл білімі және түркі тілдерінің өзекті мәселелері: халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары. / С.К. Сәтенова – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республ. үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2010. – 472 б.
- 4 Шаймердинова Н.Г. Репрезентация в языке древнетюркской картины мира. / Н.Г. Шаймерденова – Астана: Арман-ПВ, 2009. – 242 с.
- 5 Benjamin L.W. Language Mind and reality. / L.W. Benjamin - Madras, 1942. - Vol. 63. - P. 281-91.
- 6 Хауген Э. Процесс заимствования // Новое в лингвистике. / Э. Хауген - Москва: Прогресс, 1972. – Вып. 6. – С. 344-382.
- 7 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества / сост. С.Г. Бочаров; примеч. С.С. Аверинцев и С.Г. Бочаров. – Москва: Искусство, 1979. – 423 с
- 8 Швейцер А.Д., Никольский Л.Б. Введение в социолингвистику. / А.Д. Швайдер, Л.Б. Никольский – Москва: Высшая школа, 1978. – С. 102-110.
- 9 Мейе А. Введение в сравнительное изучение индоевропейских языков. / А. Мейе – Москва, 1938. – 471 с.
- 10 Vendryes J. Le Language, introduction linguistique à l'histoire. / J. Vendryes - Paris, 1921. - P. 21.
- 11 Толстой Н.И. Опыт семантического анализа славянской географической терминологии: автореф. ... докт. филол. наук. / Н.И. Тольстой - Ленинград: ЛГУ, 1972. – 27 с.
- 12 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. / В.И. Карасик – Волгоград: Перемена. – 2002. – 477 с.
- 13 Шаймерденова Н.Ж. Turco-Slavica в лингвистическом источниковедении // Turco-Slavica: язык, этнос, культура в едином пространстве: колл. монография / Отв. ред. Н.Ж. Шаймерденова. – Петропавловск: Полиграфия, 2011. – 348 с.
- 14 Haugen E. The Ecology of language // Essays by Einar Haugen. / E. Yaugen – Standford: Standford University Press, 1972. – 366 p.

15 Дүсіпбаева Қ.С. Лингвоэкология және кірме сөздер. // Тіл және руханият: өзекті мәселелер. / Қ.С. Дүсіпбаева – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2010. – 560 б.

Гульжан Досжан

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Интегративные подходы к изучению заимствованных слов

Аннотация. Учитывая интенсификацию взаимоотношений на основе международных контактов, к одним из ключевых индикаторов, безусловно, относятся заимствованные слова. Словарный запас любого языка пополняется за счет собственных возможностей развития и способности воспринимать слова из других языков. Лексический фонд любого языка может быть эффективным только в том случае, если он изучается в связи с другими науками (этнологией, психологией, социологией, культурологией и т. д.), связанными с формированием отраслевого терминологического слоя. Одна из наиболее важных тем в лингвистическом образовании, которую необходимо изучать в рамках интеграционного подхода - заимствованные слова. В статье определяются теоретические и методологические основы заимствованных лексем в соответствии с интегративными методами лингвистической контактологии (этнолингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика, лингвокультурология, лингвоэкология).

Ключевые слова: лингвоконтактология, заимствованные слова, этнолингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика, лингвокультурология, лингвоэкология

Gulzhan Doszhan

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Integrative Approaches to Studying Borrowed Words

Abstract. Taking into account the intensification of relationships based on international contacts, one of the key indicators, in fact, are borrowed words. On the other hand, the vocabulary of any language is distinguished by the ability to distinguish its abilities from the language, develop, grow in abundance and receive loan words from other languages.

The lexical fund of any language can be effective only if it is studied in correlation with other sciences (ethnology, psychology, sociology, culture studies, etc.) related to the formation of a specialized terminological layer. One of the most important topics in linguistic education, which must be studied in the framework of the integration approach, is borrowed words. In this paper the theoretical and methodological foundations of borrowed lexemes are comprehensively determined on the basis of theories of linguistic contactology in accordance with integrative methods (ethnolinguistics, psycholinguistics, sociolinguistics, linguistic culture studies, linguoecology) for the first time.

Key words: linguistic contactology, borrowed words, ethnolinguistics, psycholinguistics, sociolinguistics, linguistic culture studies, linguoecology.

References

1 Doszhan G.A. Agylyshyn biznes leksemalarynyn turki tilderindegi semantikasy men pragmatikasy (qazaq zhane turik tilderi boyynsha): (PhD) -doktorlyq dissertaciya [Semantics and pragmatics of English business lexemes in Turkic languages (on materials of Kazakh and Turkic languages): PhD dissertation], (Astana, 2013, P. 182.). [in Kazakh]

- 2 Sagidolla G.S. Turki-mongol tildik bailanysy: toponimiya zhane frazeologiya [The relation of Turkic-mongol languages: toponymy and phraseology]. (Sariarka, Astana, 2011, 304 p.). [in Kazakh]
- 3 Satenova S.K. Turkitanymdyq izdenisterdin zhana bagyttary [New directions of Turkic study research], Zhalpy til bilimi zhane turki tilderinin ozekti maseleleri: xalyqaralyq gyl.-teor. konf. materiyaldary [General linguistics and significant problems of Turkic languages: international scientific-theoretical conference materials], [Center of developing language and methods named Sh.Shaiahmetov, Astana, 2010, P. 472.]. [in Kazakh]
- 4 Shaimerdinova N.G. Representation in language od old-turkic picture of the world. – Astana: Arman-PV, 2009. – P.242.
- 5 Benjamin L.W. Language Mind and reality. (Madras, 1942, Vol. 63, P. 281-91.).
- 6 Haugen E. Protsess zaimstvovaniya [Borrowings process], [New in linguistics], (Progress, Moscow, 1972, (6), P. 344–382.). [in Russian]
- 7 Bahteen M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva [Esthetics Slovenian art], Sost. S.G. Bocharov; primech. S.S. Averintsev i S.G. Bocharov [Made S.G. Bocharov. primech. S.S. Averintsev, S.G. Bocharov], (Iskusstvo, Moscow, 1979, 423 p.). [in Russian]
- 8 Shveitser A.D., Nikolski L.B. Vvedeniye v sotsiolingvistiku [Introduction to Sociolinguistics], Visshaya shkola, Moscow, 1978, P. 102-110.). [in Russian]
- 9 Meye A. Vvedeniye v sravnitel'noye izucheniye indoyevropeyskikh yazykov [Introduction to the Comparative Study of Indo-European Languages], (Moscow, 1938, P. 471.). [in Russian]
- 10 Vendryes J. Le Language, introduction linguistique à l'histoire. (Paris, 1921, P. 21.).
- 11 Tolstoy N.I. Opyt semanticheskogo analiza slavyanskoy geograficheskoy terminologii: avtoref. dokt. filol. nauk [Experience of semantic analysis of slavyan geographical terminology: abstract. Doct of Philol.science], (LGU, Leningrad, 1972, P. 27.). [in Russian]
- 12 Karasik V.I. YAzykovoy krug: lichnost', kontsepty, diskurs [Language circle: identity, concepts, discourse], (Peremena, Volgograd, 2002, 477 p.). [in Russian]
- 13 Shaimerdenova N.Zh. Turco-Slavica v lingvisticheskom istochnikovedenii [Turco-Slavica in linguistic source study], Turco-Slavica: yazyk, etnos, kul'tura v yedinom prostranstve: koll. monografiya [Turco-Slavica: language, ethnos, culture in unit environment: collect.of monography], Otv. red. N.ZH. Shaymerdenova [Resp. Red. N.Zh. Shaimerdenova], (Poligrafia, Petropavlovsk, 2011, 348 p.). [in Russian]
- 14 Haugen E. The Ecology of language // Essays by Einar Haugen. (Standford University Press, Standford, 1972, 366 p.).
- 15 Dusipbaeva K.S. Lingvoekologiya zhane kirme sozder [Lingvoecology and borrowings], Til zhane ruchaniyat: ozekti maseleler [Language and spirituality: actual issues], (Center of developing language and methods named Sh.Shaiahmetov, Astana, 2010, 560 p.). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Досжан Гүлжан – Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының доценті, PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан Мұңайтпасов көш. 11, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Doszhan Gulzhan – PhD, associated professor of Theory and practice of foreign languages department. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Munaitpasov, 11, Nur-Sultan, Kazakhstan.